

**«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ы
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын
жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту
отырысының**

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

Жиналыш төрағасы:

Хатшы:

30 қараша 2023 жыл

Аппарат басшысы Искаков Т.Е.

Бас менеджер Жәнібек А.Е.

Катысқандар:

«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның ұжымы.

Күн тәртібінде:

Тақырып: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (ҚРМҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандадағы №12 бүйрүғы) бойынша түсінік беру.

Жиналыста Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша (ҚРМҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандадағы №12 бүйрүғы) Корғанбеков Б.Т. түсінік берді.

Жалпы ережелер:

1. Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) обьективтілік;
- 2) сенімділік;
- 3) айқындық;
- 4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады.

Бұл ретте, осы Үлгілік қағидаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшылары деп мемлекеттік органдарың және оның ведомствоның, ұйымның басшылары, сондай-ақ олардың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары түсініледі.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау обьектісі құрылымдық бөлімшениң, ведомствоның, ведомствоға бағынысты ұйымның, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау обьектісі) қызметі болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау объектісінде асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілеттік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінде бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) жүргізеді.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтижелерін талқылауға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінде жанынан болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінде мамандары және (немесе) сарапшылары тартылады.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай:

1) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшениң атауы;

2) осы Улгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінде лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісі басшысының бүйрүғы негізінде, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган талдау объектісінде қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген мерзімдер осы Улгілік қағидалардың 13-тармағында белгіленген жекелеген мәселелер бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінде ішкі талдауларына қолданылмайды.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) талдау объектісінде қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау объектісінде ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

12. Бөлімшениң қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілдегілер мен нормалар айқындалады.

13. Мынадай мәселелер талдау объектісінде ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;

2) мұдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) осы Улгілік қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау;
- 2) осы Улгілік қағидалардың 18, 19, 20 және 21-тармактарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;
- 4) осы Улгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шараларын қабылдау.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- 3) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің талдау объектісінің қызметі туралы деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 11) талдау объектісінің қызметшілерін, жұмыскерлерін сұрастыру (сұхбат) нәтижелері;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.

16. Талдау объектісінің жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлғаға, жұмыс тобына осы Улгілік қағидалардың 15-тармағында көзделген ақпарат көздерін ұсынады, талдау объектісінің қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолдану практикасын түсіндіреді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарлайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мыналарды қамтитын талдамалық анықтама жасалады:

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) осы Улгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдардың тізбесі.

18. Талдамалық анықтама талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі.

19. Талдамалық анықтамаға сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшысы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталған күннен бастап, 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

3-тарау. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

20. Нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау обьектісі олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті уәкілетті органға (әзірлеушіге) жібереді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

21. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін әдеп жөніндегі уәкілдер, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер және өзге де құрылымдық бөлімшелер немесе мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланады.

22. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылауға жол беріледі.

23. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) осы Улгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді.

24. Ис-шаралар жоспарын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысы талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

25. Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қупиялыштық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де қупияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

26. Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Улгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.


Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет қупиялыштық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де қупияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органдары, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

27. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарды орындау кезінде жобалық басқару тәсілдері қолданылуы мүмкін.


Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру керек деп сөзін аяқтады

Баяндамашыға сұрақтар беріліп, барлығына толық жауап қайтарылды.

Жиналыс төрағасы

 **T. Е. Искаков**

Тәуекел-офицер

 **Б. Т. Корганбеков**

Жиналыс хатшысы

 **Zh. Arayym**

A. Е. Жәнібек